

**ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің
«Экономика институты» ШЖҚ РМК (бұдан әрі - Институт) сыбайлас
жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы
ереже**

Осы Ереже «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Заңына (01.01.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге), Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге, 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Экономика институты» ШЖҚ РМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мәртебесін, өкілеттігін және жұмысын ұйымдастыруды айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) мүдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысының бұйрығымен құрылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат санын (сандық құрамын) квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы бекітеді.

5. Негізгі міндеті қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру мониторингі болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға ықтимал мүдделер қақтығысы ескеріле отырып айқындалады және Институттың бірінші басшысы бекітеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережені Институттың бірінші басшысы бекітеді және ұйымның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мәртебесі

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Институттың басқа құрылымдық бөлімшелерінен тәуелсіз бөлімше болып табылады, Институттың тәуелсіз басқару органына бағынады және есеп береді.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде шешімдер қабылдауда және шараларды іске асыруда тәуелсіз болады.

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз функцияларын Институттың өз өкілеттіктеріне жатпайтын басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен қоса атқара алмайды.

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлеріне Институттың ішкі нормативтік құжаттамасының ережелері қолданылады.

5) Институттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі басшысын қызметке тағайындау және қызметінен босату сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды тиісті түрде хабардар ету арқылы жүзеге асырылады.

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган бағалайды.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты Институт пен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
- 2) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

- 1) Келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясаты;
 - ұйым қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;
 - мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;
 - квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат.
- 2) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14441 болып тіркелген) сәйкес Институт қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін Институт қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

5) корпоративтік этикалық құндылықтарды ілгерілетеді;

6) қызметкерлер үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

7) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

8) ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

9) Институттың құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

10) мүдделер қақтығысын, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектісін жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

11) сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

12) қаржылық мәмілелер кезінде контрагенттерді тексеруді жүзеге асырады;

13) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

14) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

15) құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің ақпаратын тыңдайды;

17) Институт басшысына анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, қызметті ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

18) комплаенс офицер сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;

19) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің басшысы мен жұмыскерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет;

20) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шаралар бойынша есептер мен ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жолдайды;

21) Институттың тәуелсіз басқару органына, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның басшысына атқарылған жұмыс туралы жыл сайын есеп береді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің өз қызметінің шеңберіндегі құқықтары:

1) Институттың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген процедуралар аясында коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұрату және алу;

2) Институттың тәуелсіз басқару органының қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасау;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) Институттың басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап ету;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберу;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу;

7) Институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыста консультациялық көмек көрсету;

8) Қызметкерлердің Институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құру.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) Институт және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) Институттың бірінші басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) Институт қызметкерлерінің іс-әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың белгілері анықталған жағдайда, тиісті дәлелдермен бірге материалдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

5) Институттың белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

6. *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:*

- 1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;
- 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;
- 3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;
- 4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;
- 5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;
- 6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

7. *Институт басшылығы:*

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен қамтамасыз етуі;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі;
- өзара сыпайылық пен жұмыстағы дұрыстық негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Институттың құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылына ықпал етуі қажет.

8. *Институттың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке:*

- Үлгілік ережеге сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;
- анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- туындайтын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу арқылы жәрдем көрсетуі тиіс.

9. *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді.*

4-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің есептілігі

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсетеді.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жыл сайын Институт басшысына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жылдық есепті ұсынады.

4) Институтқа сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы өзінің контрагенттерін, іскер әріптестерін, азаматтық қоғам институттарын тұрақты негізде хабардар ету ұсынылады.

Институт басшысы тарапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.